Іс қағаздарын оқыту жалпы университеттік көлемде оқу жоспарына енгізілмегенмен қазақ тілі кафедрасы барлық факультеттерді қамтып оқытуға күш салып келеді. Орыс аудиторияларында жүретін қазақ тілі пәні бойынша іс қағаздарының жеке тақырыптар ретінде өтілуі бұл сөзімізге дәлел бола алады. Мақсатты іске тіл мамандарының белсенділік танытып кірісуі студенттердің қазақша сауатын арттыруға деген жауапкершілікті терең сезінуінен деп білеміз. Алайда осы саладағы оқу құралдарының жеткіліксіздігі, сағат сандарының аздығы бұл іске кедергі болуда. Солай бол түрса да, өмірге қажетті пәнді оқыту лайықты жалғасын табуға тиіс. Іс қағаздарын қазақша оқыту жалпы университеттік пән ретінде барлық факультеттердің орыс және қазақ аудиторияларында жүргізілгені дұрыс.

Бүгінгі студент - ертең маман. Олардың қай-қайсысына да келешекте іс-қағаздарымен жұмыс істеуге тура келетіні анық. Мамандық иесінің біліктілігі сол түста көрінетін болады. Сондықтан да студенттерімізге іс қағаздарын қазақша жүргізуді университет қабырғасында үйретуіміз керек.

ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ГЛАЗАМИ СТУДЕНТА

"Главное - знание..."

Началось все обыденно. Первый курс, первый семестр, первый сентябрь. И вся прелесть на этом заканчивалась. А дальше начиналось самое фантастическое: лекции на иностранном языке, впрочем семинары тоже (тогда я абсолютно не владела казахским языком).

И главное требование - ты должна, непременно обязана усвоить пройденный материал, иначе... И, конечно, больше всех преуспевала в этом она, загоняя меня в неописуемый трепет. Но она умела не только требовать, также и поощрять. Одно лишь ее "Я знаю, ты сможешь. Прояви свои скрытые способности". заставляли меня неустанно "сторожить" читалку, перелистывать все десять томов толкового словаря казахского языка, бегать на курсы и даже во сне зубрить новые слова... Я старалась оправдать ее доверие, "стать грамотной" во чтобы это не стоило.

Ее не смущал ни мой ломанный казахский, ни мой дикий акцент, содержание было единственным, что ее волновало. И сегодня, по происшествии почти трех лет, при воспоминании о тех временах , мгновенно перед моим мысленным взором стоит она: учитель не по профессии, а по призванию, чуткий психолог, человек прекраснейшей души - Кабылгазина Клара Кабылгазиевна.

И в этот дивний весенний день у нее круглая дата, пятидесятилетний юбилей.

– Клара Кабылгазиевна, расскажите о себе.

– Я буду коротка, без хронологических уточнений. Окончив среднюю шк олу и два года проработав (по госмероприятию) воспитателем в школе–интернате, в 1968 году поступила в КазГУ. В те годы у нас деканом был профессор Амандосов. После вуза отработку проходила в районной газете "Путь Ильича", затем работала в "Егемен Казахстан" в отделе собкоров. И опять КазГУ, теперь уже в качестве преподавателя.

– А почему ваш выбор пал именно на журналистику.?

– В школьные годы я была активным организатором настенных газет. Мой отец хотел, чтобы я поступила в кооперативный институт, даже выхлопотал направление. Но я наотрез отказалась, я хотела писать, творить, а не торговать. Человек должен делать то, что ему по душе. Теперь я понимаю, что выбрала свой единственный верный путь. Я пишу не только статьи, но и увлекаюсь прозой. В скором будущем планирую выпустить сборник рассказов и повестей "Сап көңілім - сап", что в переводе означает "успокойся, душа, успокойся". Да, ведь многое хочется переделать, доделать, успеть, но это не всегда удается, приходится мириться.

– Скажите, а какими студентами вы были?

– О, в те времена наше сердца были переполненны энтузиазмом, высоким стремлением. Мы посещали литературные вечера, с удовольствием учили наизусть стихи. Были очень жизнерадостными, сплошь оптимисты. В нынешних студентах э того нет и в помине, каждый озабочен лишь самим собой. Мы были один за всех, и все за одного. Понимать других, сопереживать в неудачах, и также радоваться успехам, разделять чужое горе и радость, ведь человек тем и отличается, что он чувствует сердцем, душой, помогая ближнему.

И этого принципа я придерживаюсь всю свою жизнь.

– Что бы вы по желали студентам?

– Первое, что я скажу, это не теряйте напрасно драгоценное время. Вы живете в вет высоких технологий, не отставая шагайте в ногу со временем. Приобщайтесь к мировой цивилизации. Чем глубже будут ваши знания, тем большего вы достигните.

И, конечно, немного оптимизма. Поднимите голову, взгляните на небо. Улыбайтесь. Счастье заключается в самой жизни. Да, у нас сейчас не самые легкие времена, но это еще не повод, чтобы опускались руки. Научитесь жить и замечать х орошее.

– Вас можно назвать счастливой?

– В принципе да.

– Спасибо вам за вашу беседу.

Кальбинур ХОШНАЗАРОВА.

Что век XX нам оставил?

Пролистав страницы прошлого и оглянувшись назад, мы видим, что XX век это самый прогрессивный век. В нем было сделано 75% открытий, XX век принес с собой свободу народам и "атомный прогресс". Для Казахстана XX век принес ветер перемен и просвещения, но были и репрессии...

Многим известна печальная участь казахской интеллигенции: А.Байтурсынова, М.Дулатова, А.Букейханова и многих других.

Тех, кого в те годы не тронула волна репрессий, вынуждены были поменять свои взгляды. Великая Отечественная Война - еще одна тяжелая участь выпала на долю народа Казахстана. На фронт отправляли еще совсем молодых юношей и девушек. Но в это время казахской интеллигенции выпадает шанс заниматься наукой. Например, в то время в КазГУ с лекциями выступали профессор Е.Бекмаханов, К.Сатпаев, и многие др. События 86 г. явились началом пути к независимости Казахстана. И в 91 г. Казахстан официально получает статус суверенного государства.

Что XXI век нам принесет? Какое будущее ждет нас? Не знает никто.

Айнур КАРГАЛИНОВА.

5

Узоры ковра были необыкновенно красивыми, а цвета завораживали.

Жою хан, рассмотривая узоры ковра, долго думал и мысленно сделал следующий вывод:

- Сын мой покорил немало вершин,



переплыл немало рек,



прошел через густые леса,
не отдыхая ни ночью, ни днем

Столкнулся лицом к лицу и с птицами...

На пути встречался ему олень...

Встретился хозяин гор архар...

Даже як...

Бедняжка сын сразился даже тигром...

и с рыбами...

Похоже противостояли ему

даже мыши...

Сын мой, лучше бы ты показал свою силу не зверям, а врагам! Жив ли ты или мертв? Стой, а это что за узор? Это значит, что сын мой раздвоился, то есть его душа отделилась от тела.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ардагер аға 70-те!

Ардагер журналист, ұлағатты ұстаз, білікті ғалым әм ширек ғасырдан астам уақыт университетімізде еңбек еткен ***Әбілфайыз ЫДЫРЫСҰЛЫН*** бүгінгі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Әбекең 1953 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін үздік дипломмен бітірген соң еңбек жолын республикалық "Қазақстан пионері" газетінде әдеби қызметкер ретінде бастады. Содан барып, "Лениншіл жас" басылымында жетекші міндет атқарды.

Өзінің тәжірибесін өскелең ұрпаққа жеткізу үшін 1965 жылы ҚазМУ-ге келіп, 1993 жылға дейін ұстаздық-ғалымдық жолда қажыр-қайратқа толы белестерден өтті. Ол кісі өмірге әкелген "Фототерім", "Полиграфия өндірісі", "Газетті безендіру сыры", т.б. оқулықтары өз кезінде әділ бағасын алса, соңғы уақытта жазған "Әуезовке іңкәрлік", "Таңшолпан", "Біртуарлар болмысы", "Сыр мен шындық", т.б. эссе-толғам, әдеби-публицистикалық кітаптары ол кісіні талғампаз жазушы ретінде танытты.

Біздің газетіміздің де өміршең болуына қомақты үлес қосқан мерейтой иесіне айтар тілегіміз: қуанышыңыз ұзағымен сүйіндірсін! Қаламыңыз мұқалмай, қазақ халқының рухын серпілтер тың шығармаларды тудыра беріңіз!

КОГДА ВЕРСТАЛСЯ НОМЕР

ОБСЕ в КазГУ

29 марта в Казахском государственном университете имени Аль-Фараби прошел научно-практический семинар "ОБСЕ: Хартия Европейской Безопасности".

Семинар открыл ректор КазГУ К.Н.Нарибаев. На семинаре выступили Глава Центра ОБСЕ в Республике Казахстан У.Шоннинг , Чрезвычайный и Полномочный посол ФРГ в РК М.Либал, Чрезвычайный и Полномочный посол Королевства Испании в РК Ф.Паскуаль де Ла Парте, декан факультета международных отношений Г.Ш. Жанбатырова, профессор Марат Сарсенбаев и другие.

Цель семинара - донести до студентов и преподавателей КазГУ, в частности, факультета международных отношений, идеи и принципы ОБСЕ. В семинаре также участвовали международные организации и посольства, аккредитованные в Казахстане.

Назым ЕСКУАТОВА, Пресс-центр КазГУ.

Ұлыстың ұлы күні наурызда Дос түгіл татуласар жауыңыз да.

НАУРЫЗ-ЖЫР

Мен - қазақпын

Мен - қазақпын, ұлы халық ұрпағы,
Қазақпын деп жазамын мен жыр тағы.
Ақын емес, тілеп жүрген адаммын,
Отанымның атса екен деп нұр таңы.

Мен - қазақпын, домбыраны сайратқан,
Шу асауды мініп алып ойнатқан.
Киіз басып, арқан есіп, жүн сабап,
Киіз үйдің іші-сыртын жайнатқан.

Мен - қазақпын, қымыз ішіп, ет жеген,
Жеген асым жалғыз ғана ет демен.
Дастарханға тоқаш, шелпек, құрт салып,
Симаса да қонақ санын шектемен!

Мен - қазақпын, көкпар тартып бәйгі алған,
Үйірімде мыңдап жылқы айдалған.
Мақтан тұтар ата-бабам ежелгі,
Батыр болған, ақын болған, бай болған.

Шілдехана, түсаукесер,
сүндет той -
Қазағыма жүктелген бұл
міндет қой.
Тек ол емес, қазақ деген
Исламның
Парыздарын орындаушы үмбет қой.

Саятшылық - екінші бір кәсібім,
Ол кәсіптің білем талай тәсілін.
Алтай менен Еділ-Жайық арасы -
Ежелден-ақ тәнірім берген несібем.

Ұлы Жібек жолы өткен даламнан,
Жол бойында көптеп қала салынған.
Үлкен-үлкен керуендер аялдап,
Басқа елге аттанипты қаламнан.

Қазағымның мирасы көп қалдырған,
Хандарына тастан сарай салдырған.
Сабадағы ашып тұрған қымыздың
Бір кесесі сусынды қандырған.

Еділе Алғысбай,
Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясының студенті

Көктем

Айналайын, сағындырған көктемім,
Гүл-гүл жайнап, күлпырады көк белің.
Көктемгі ауа, көктемгі нұр тамаша!
Сандығынан нұр шашады көкте күн.
Алабұртып ойнақшиды жүрегім,
Кеше ғана соңғы қарды күредім.
Ала қыстай еңсем түсіп қалыпты-ау,
Наурыз-көктем енді менің тірегім.
Құлпырады туған жерім көктемде,
Асығыс бар тынысымда, өкпемде,
Туған елім, бақыт қонсын басыңа,
Жас шыбықтай ашыла бер, ашыла,
Бүрің жарып, өркендей бер, өркенде!

НАРОДНОЕ НАСЛЕДИЕ

Музыкальные инструменты народной мудрости

У каждого народа имеются легенды и сказания, которые донесли до нас бабушки и дедушки, и которые в свою очередь передадим мы нашим детям.

Таких легенд много и у казахского народа. Знаете ли вы, что существует такая наука, как инструментоведение. Долгое время думали, что у казахов имеется только четыре музыкальных инструмента, а народ использовал в основном, три - это домбра, кылкобыз, сыбызгы. Известный казахский музыкант Болат Сарыбаев собрал великолепную коллекцию музыкальных инструментов. В этой коллекции двадцать пять. Это их духовые - сыбызгы, или старинная флейта, камыс сырнай, уран (в 1880-е годы был найден исследователем А.Эйхгорном), ускирик... Ударные - асатаяк, шипковые - дабыл, смычковые - кылкобыз и кобыз (когда-то этот инструмент был двух и трехструнным, а сейчас существует четырехструнные кобызы - бас кобыз, альт-кобыз, кобыз прима).

Древним инструментом является жетыген. Болат поведал легенду о его появлении. "В глубокой древности жил старик, было у него семь сыновей. В лютую зиму погиб скот. Люди остались без еды. Поселилось в юрте горе. Смерть одного за другим уносила детей. Надо было совершать поминальный обряд. Отец в отчаянии начал долбить кусок дерева... Первую струну он натянул и подставил под нее подставку, когда умер старший. Отец сложил погребальный плач - жоктау. Это был кюй "Қарағым" ("Родной мой"). Так постепенно появилось семь струн и кюи "Қанат сынар" (Разбито крыло"), "От сөнер" ("Погасло пламя"), "Бақыт көшті" ("Утерянное счастье"), "Күн тұтылды" ("Затмилось солнце"), "Жеті баламнан айырылып құса болдым" ("Горе утраты семи детей").

Такова история создания жетыгена. Но не только у него есть своя история. В поэме "Алпамыс батыр хикаясы", созданном в XYII веке, батыр Алпамыс из костей сделал сырнай и спас свою жизнь, играя на нем. И еще множество других легенд о музыкальных инструментах. Мы не можем забыть их звучание, а наоборот, должны слушать их историю и тихо напевать своим детям, внукам.

Ольга ШМАТОВА,
студентка 5-курса.

"Поклонись Солнцу, Небу и Луне..."

Завтра нужно вставать с утра пораньше. Как бы не опоздать на занятия или на работу. Но задумывались ли вы когда-нибудь, кто или что наблюдает за нами и нашей жизнью? На этот и многие другие вопросы ответил исследователь древнейших верований тенгрианства и шаманизма, аспирант Алексей НИКОНОВ.

Корр.: - С какого времени вы увлекаетесь тюркологией и шаманизмом?

А.Н.: - Увлекаюсь порядка 10 лет, занимаюсь научными исследованиями 5 лет со 2-го курса. Тема шаманизма и тюркизма проходит через всю мою жизнь. Истоки всех религий заложены в шаманизме и тенгрианстве. Когда человек появился на свет и посмотрел на солнце - удивился, что он есть и поклонился ему. Также был безгранично удивлен небу, луне, деревьям, горам и другим явлениям и также поклонился им. Ведь все окружающее человека - добрые и полезные вещи для него...

Корр.: - Вы выпустили несколько книг, касающихся тенгрианства?

А.Н.: - Да. Последняя работа (на самом деле она не последняя) носит звание "Алтын битик", что в переводе с тюркского "Золотая книга". Здесь я пытаюсь реконструировать древнетюркскую мифологическую систему. До меня ученые проводили исследования только на основе мифологии казахского народа. Я же попытался провести сравнительный анализ между мифологией алтайцев, тюрков Южной Сибири и других древних тюрков.

Корр.: - В чем, по-вашему, особенность тенгрианства среди других религий?

А.Н. - Особенность тенгрианства в том, что эта религия очень древняя и встречается у многих народов. Тенгри в переводе означает небо, у казахов звучит как тәнір, у китайцев - тян, у древних шумеров - денгир. Тенгрианство более древняя чем древнегреческая вера и ровесница древнеегипетской. Также хочу отметить что тенгрианство имеет связь с шаманизмом, поэтому является самой древнейшей на Земле. В тенгрианстве также как и в других древних верованиях, существует несколько божеств, а точнее их семь. Среди них: Тенгри - бог неба, Умай - богиня земли и женственного начала, Ерсу - покровитель всего живого на земле и Ерлик - бог мужества и покровитель нижнего мира. После смерти человека судит Ерлик и он решает станет ли он аруахом (святым духом) или превратится в албасты, тейрана (черта).

Корр.: - Планируете ли вы и в будущем изучать тенгрианство?

А.Н. - Безусловно, буду заниматься исследованиями этой религий. В дальнейшем собираюсь изучать лечебные приемы, которые применяются шаманами во время ритуалов. Это огромный пласт науки. Сопоставлю с мифологией древних народов, также с течениями шаманизма других стран и народов.

Корр.: - Наурыз праздник - тенгрианства?

А.Н. - Наурыз - это языческий праздник, который отмечался многими народами в древности. Наурыз отмечается весной 22 марта как тюрками так и славянами, персами. Наступает в этот день весеннее равноденствие. В тенгрианстве - это зарождение солнца, рождение природы, выгон скота, сев полей.

Корр.: - Ваши пожелания нашим читателям в канун праздника Наурыз?

А.Н.: - Хочу пожелать, чтобы наши люди-евразийцы немного больше думали о своей общей Родине, изучали свою культуру, пытались заниматься духовным развитием, насколько это возможно. Без духовного начала материальное не имеет особого веса. Счастья, здоровья, успехов!

Корр.: - Спасибо!

Назым ЕСКУАТОВА.

С 16 ПО 18 МАРТА - МУСУЛЬМАНЕ ВСЕГО МИРА ПРАЗДНОВАЛИ КУРБАН АЙТ

Праздник света и доброты

Бисмиллахир-рахманир-рахим! Уважаемые мусульмане. Прошел светлый праздник Доброты- Курбан айт. Общеизвестно, что религия Ислам появилась 14 веков тому назад. В настоящее время в мусульманской вере находятся полторы миллиарда жителей планеты Земля. Ислам - одна из самых трех крупнейших религий современности. А Курбан айт - один из священных праздников Ислама.

Всего, оказывается, за историю цивилизации было 124 тысяч пророков, и имена 25-ти написаны в священной книге мусульман - Коране. Пророку Ибрагиму (сравните в Библии Авраам) как-то приснился сон (Ибрагим - отец Исхака и Исмагила. От Исхака ведут свой род евреи, от Исмагила - арабы). Во сне Аллах (да святится имя его) приказал принести в жертву сына Исмагила. Ибрагим рассказал свой сон сыну и сказал:

- Сын мой, я видел сон и в нем приказано принести тебя в жертву. Подумай и скажи свое мнение.

- Отец, - отвечает сын без раздумий, - если Аллах приказал, то надо выполнить этот приказ, я не против.

Когда пришло время исполнить приказ, то нож затупился и тут случилось чудо - с неба упал перед Ибрагимом агнец. Это была благодарность Создателя за непоколебимую веру. Ибрагим приносит в жертву агнца. И с тех пор повелось приносить в жертву животных. Аллах остался доволен готовностью к жертве как сына так и отца. Об этом написано в 101-109 айте Корана, в суре Саффат. И с тех пор в честь этого чуда-события мусульмане ежегодно празднуют праздник Курбан айт - или Праздник жертвоприношений.

К празднику готовятся загодя, убирают в доме, выставляются напоказ нарядные вещи. Первый день Арапа - считается днем жертвоприношений, режут жертвенных животных - овец, коз, можно коров, даже верблюдов, но не разрешается: лошадей, домашних птиц и другую живность. Казахи пекут лепешки, баурсаки.

В течение трех дней столы стоят накрытыми, люди ходят в гости к друг-другу. В эти дни нельзя стирать, убираться, выполнять "черную", "ручную работу". Нельзя ссориться. Требуется читать молитвы, поминать покойных родственников, думать только о светлом и хорошем...

Как и в прошлом году, в нынешнем - Праздник Курбан айт совпал с Наурызом - древним Восточным праздником - это считается доброй приметой - от будущего ждут благоденствия, Света и Доброты.

Пусть и ваш дом, дорогой читатель, придут Счастье и Радость вместе с этими праздниками!

Нарбинь КЕНЖЕГУЛОВА.

Жою хан вскочил с места и вскричал:

- О, судьба! Неужели смерть моего единственного сына - правда? Смерть тебе!!! - с этими словами Жою хан хватает свой меч и кидается на Ою хана. Тогда Ою хан отвечает:

Дат, повелитель! Не ты ли говорил, что отрубишь тому голову, кто осмелится сообщать тебе о смерти твоего сына? (Дат - это восклицание о снисхождении. Обращание к владыкам. У казахов есть пословица "Хотя голову можно и отрезать, языка не отрежешь", то есть надо говорить истину).

- Да, говорил! - отвечает разгневанный хан.

- Тогда о смерти твоего сына и я, и весь народ только что услышали из твоих уст. Сказал, держи слово. В таком случае твоя голова должна слететь с плеч, - сказал спокойно Ою хан. Весь народ его поддержал. Таким образом собственный указ Жою хана обернулся против него. Народ провозгласил Ою хана своим повелителем, подняв на белой кошме, посадив в белую юрту, принеся в жертву белого верблюда, сделав пир на весь мир.

Спустя немного времени, народ вновь обрел свою духовность и стал развивать исконное искусство.

***

На этом, ребята, сказка об Ою хане и Жою хане закончилась. Теперь вы сами постарайтесь сделать узоры, опираясь на сказку или придумайте сказку по узорам. Давайте попробуем.

Сперва возьмите квадратный лист бумаги -



Сложите его по центру

Сложите еще раз...

А теперь на этом, сложенном вчетверо листе нарисуйте



следующий узор.

... Вырежьте ножницами заштрихованные места и приклейте на бумагу.

Обратите внимание на форму и очертания узоров, их соотношения и взаимосвязь.

Помните, как Жою хан читал письма посланные Ою ханом?

Ну-ка, попробуйте найти значения связанные с этой сказкой и вырезанных вами узоров.

Сначала найдите на каждой части узоров определенный силуэт.

...1. - Сурок, стоящий начеку у входа в свою норку.
...2. - Два голубя, парящих ввысь.
...3. - Резво скачущий скакун.
...4. -Взбирающаяся на дерево куница.
...5. -Одна из лесных животных.

Дальше, попробуйте сами, на основе этих образов, их движений сочинить сказку.

Для самостоятельной вырезки и раскрытия их значения, мы дополнительно предлагаем нежеследующий узор.

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Ауған жарасы жүрегімде

Мінәмжан МАХСҰТ,
ауған соғысының ардагері, ҚазМУ-дің баспа ісі және редакциялау кафедрасының ассистенті.

Әмудария әлі үнсіз

Осыдан он бір жыл бұрын, ақпанның 15-і. Термез шаһарынан онша алыс емес жердегі Достық көпірі Ауғанстан мен Өзбекстан шекарасын бөліп тұратын Әмударияға салынған. Бер жағында асфальтталған үлкен алаң бар. Дәл осы күні дәл осы жерден Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті өз Отанымызға толық құрамда оралғандығы жайында қырқыншы армияның қолбасшысы генерал Громов Орта Азия әскери округінің қолбасшысына баяндады.

Аланда әскерилер парады жүріп өткен соң туған-туыстарымен жүздесу (!) үшін уақыт берілді. Қолдарына үлдарының аты-жөндері, әскери бөлімдері жазылған тақтайша немесе қатты қағаз ұстаған ата-аналар алаңсыз жүгіріп, әрбір топқа келіп сұрастыруда. Ондайлар көп, бәрі алаңдауда. Қолына микрофон ұстап, айқайлап жүргендер де кездеседі. Жылап жүргендер де баршылық. Осының бәрін кино лентасынан қарасаңыз көріністердің бәрі симайтын еді-ау. Бірақ сонда да телекамера, диктофон ұстаған журналистер қызу жұмысқа кірісіп кеткен. Фототілшілер де жеткілікті. Шекараның бергі жағында да осындай алаңдаушылық, арғы жағында да әлі сөне қоймаған соғыс жалыны. Тек ортадағы Әмудария ғана үнсіз, бірқалыпты ағуда. Ешкімге зияндық немесе жақсылық ойламайды, өзімен-өзі. Шіркін, соның тым болмаса бір тамшысын сөйлетер ме еді?..

Арманда кеткен азамат...

Осындай эпизодтар, тарихи шындыққа ие көріністер мені кейде ойлантады. Қазіргі "ауғандықтардың" дені отыз жастан асады. Бірақ мәңгілік он сегіз-он тоғыз жаста қалған қарулас, қанды көйлек достарымыз қаншама десеңізші. Олардың рухына арналған естелік кітап республикалық ауған соғысы ардагерлерінің күш шығаруымен жарық көрді. Солардың біреуі жайында айтып өтпесек марқұмды мен ғана емес, бәріміз ұмытқан болармыз.

Байысбеков Анарбай - қазақ жігіті. Жаркент өңірінің Алтыүй ауылынан болатын. Бірде заставада түнгі кезекшіліктен соң демалып жатқанмын. Менің орныма кезекшілікті қабылдаған сержант Демиденко оятып, "жерлесің келіп тұр" деді. Мен аң-таңмын. Айдаладағы күзет заставасына қандай адам келуі мүмкін? Қауіпті ғой, шынында да. Орнымнан атып тұрдым да, жерүйден сыртқа шықтым. Ұзын бойлы, қара торы жігіт сыртта күтіп тұр екен. Құшақтасып көне таныстардай амандастық. Артполктен екен. Баграм өлкесіндегі ыстық нүктелерде қазақстандықтар сол кездерде өте аз еді. Өздерін көрмесек Баграмдағы жерлестеріміз жайында дерек алып тұрсақ қуанып, сырттай сәлем жолдап тұрушы едік. Бірінші кездесу өте қысқа және асығыстау болды. Басқа бөлімнен "қонақ" қабылдауға тиым салынған еді. Сонда да аз әңгімелесіп, дидарласып екеуміз де құмарымыздан бір шығып алдық. Біздің қосымша күзет заставамыз Анарбайлар күзететін (бұл тек әскери жорықтан басқа кездерде. М.М.) жанармай қоймасына біршама жақын еді. Мен осы заставаға командир болып барғаннан соң да бірнеше мәрте кездесіп жүрдік. Рембаттан алматылық Пархат Азнабакиев, жанармай қоймасынан Үйғыр ауданының Сүмбе ауылынан Нұрлан Аубакировтар маған келіп тұрды. Бірақ Анарбай көбіне күндіз келе беретін. Баграмның қатты ыстығында күзетте тұру оңай шаруа емес еді. Ол келіп, су ішіп, котелогін толтырып қайтатын. Бізде бір-бірімізбен хабар алысу белгілері үстіміздің сәл биіктеу етіп автоматтан оқ ату арқылы жүзеге асатын. Анарбай осы әдіс арқылы "водовоз" жіберуімізді өтінетін. Су апарушымыз жолға шыққанда бізден "күтіп ал" белгісі беріліп, екі жақтап күзетті күшейтіп тұратынбыз. Осындай күндердің бірінде ол әскери жорыққа жүргелі тұрғаны жайында айтып, қоштасып кетті. Өзі нағыз соғыстың әскері еді. Бұл біздің соңғы кездесуіміз болған екен. Бейшара минаға жарылыпты. Қатты жарақатпен Ташкент госпиталіне түсіп, өмірінің соңғы күндерін өткізген үкісайды. Марқұм А.Байысбеков сынды қайсар жігіттеріміз қаншама десеңізші.

Осындай ойланбастықтың қайталанбауы үшін, немқұрайдылық пен соқырлықтың болмауы үшін барлығымызға осы жылдарда ауған төңірегіндегі оқиғаларға немқұрайдылықпен қарамағанымыз жөн. Ауғанстан сабақтары біздің ортақ жарақатымыз емес пе, ағайын.

НАУРЫЗ-ТАРИХ

Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт

Сәйден ЖОЛДАСБАЙҰЛЫ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Міне, біздің заманымыздың 3-ші мыңжылдығы да келді. Тарих толқынына зер салсақ, адам атаның жаралғанынан бүгінгі күнге дейін жер бетінде сан қилы өзгерістердің болғандығы белгілі. Біз басқа жерлерді қоя тұрып, өз жеріміздегі болған тарихи уақиғаларға шолу жасап көрелікші.

1. Жаңа тас және мысты тас дәуірі

Археология ғылымының зерттеуіне қарасақ, Қазақстанның оңтүстік аумағында Тәңірқазған, Бөріқазған деген жерлерде алғашқы адам б.з. бұрынғы 2 млн. жылдар шамасында өмір сүрген. Ал, одан кейінгі 700 мың жыл шамасында ғұмыр кешкен 9-10 жастағы баланың сүйегі Ташкент аймағында Тесіктас деген жерден табылған. Осыдан біртіндеп дамудың нәтижесінде б.з.б. YII-III мың жылдықтарға дейінгі жаңа тас және мысты тас дәуірлері кезінде өмір сүрген адамдардың тастан, мыстан жасалған құралдары Қазақстанның барлық жерінен табылған. Бұдан байқалатыны Жерімізде Адам атаның жаралып, содан біртіндеп бүгінгі күнгі қазақ ұлты деген атқа ие болған дәрежеге жеткендігі. Егер жаңа тас дәуірі кезінде адамдар тастан соққы, үккіш, қырғыш, т.б. құралдар жасаса, ал мысты тас дәуірі кезінде табиғи кездесетін мыстан құрал жасай бастайды.

2. Қола дәуірі

Бұл жаңалықтар қола дәуірі (б.з.б. II-I м.ж.) және темір дәуірі кезінде (б.з. YII-IY ғғ.) де жалғасты. Андрон мәдениеті тұрғындары мен Беғазы -Дәндібай мәдениеті тұрғындары қорғасын мен мыс қоспасынан жасалған қоланы ойлап тауып, одан қажетті құрал-сайман, қару-жарақ жасаған. Атасу, Мыржық, Ақ-Мұстапа, Ақмая деген жерлерден мыс қорытатын қоныстар табылған. Академик Қ.И.Сәтпаевтың жәй ғана есептеуі бойынша Жезқазған аймағындағы қола дәуірі кезіндегі мыс қорытушылар 2 млн. тоннадан астам руда қорытқан. Мұндай металл қорытушылар Қазақстанның барлық жерінде де болған.

3. Темір дәуірі

Темір дәуірі (б.з.б. YII-I ғғ.) кезінде ру-тайпалардың тіршілігі бұрынғыдан да жақсара түсті. Әсіресе, темірден жасалған қару-жарақ, құрал-сайман қоладан жасалған құралдарға қарағанда мықтылығы да, атқаратын қызметі де сапалық жағынан өсе түсті. Сөйтіп, енді ұсталар, зергерлер, көзешілер, диханшылар шеберлігі жетіліп, қоғамның дамуына ықпалын тигізді.

Парсы, Грек, Қытай сияқты елдердің жазба деректерінде сақ, үйсін, қаңлы тайпалар бірлестігі мемлекеттік деңгейде олардың өздерімен терезелері тең дәрежеде өмір сүрген. Олардың әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасының қаншалықты болғандығын археологиялық зерттеулер көрсетеді. Мәселен, алтын адам Есік қаласының түбінде сақ мәйітінің алтын киімге оранып жатуында емес, оның тірі кезінде мемлекет басқаруда көрнекті қызметте болғандығында. Ал, түрлі сән-салтанатты әшекей бұйымдармен жерленуі сақтарда тамаша зергерлердің, ұсталардың болғандығын дәлелдесе, зергерлік бұйымдар мен күміс зереннің сыртындағы жазу олардың мәдениетінің қандай дәрежеде болғандығын айғақтайды.

Ал атақты Үйсін мемлекетінің Нанды, Әлжау, Оңқа билері Қытай елімен терезесі тең мемлекеттік дәрежеде саяси қарым-қатынас жасаса, бұл қатынастары берік болу үшін қытай патшалары Үйсін күн билеріне қыздарын беріп, құдандалық қатынасқа дейін барған. Б.з.б. I мың жылдықтың екінші жартысында ата-бабаларымыздың бізге қалдырған атақ-даңқы мен мұралары жоғарыда аталғандармен шектелмейді, әрине.

4. Біздің заманымыздың I-мыңжылдығы

Ата-бабаларымыз б.з. I мыңжылдығында көптеген өзгерістер мен талай тарихи жаңалықтарды бастарынан өткізген. Бүгінгі қазақ жері, әлемге әйгілі болған Түрік қағанатының құрамында болса, ол екіге бөлінгеннен кейін Батыс түрік қағанатының басты аймағына айналды. Қағанаттың астанасы Жетісу жеріндегі Суяб қаласы болған. Қағанат ыдырағаннан кейін жерімізде Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ-Қыпшақ хандықтары өмір сүрген. Бұл мыңжылдықтың өзіне тән басты ерекшелігі аумалы-төкпелі заман болуында. Жерімізге шығыстан келген түркі тілдес тайпалар мен жергілікті түркі тілдес тайпалардың араласуы, билік үшін талас-тартыстың күшеюі, өкімет басына біресе түргеш, біресе қарлұқ, бірде қимақ, бірде қыпшақ тайпалары өкілдерінің келуі бірыңғай ірі мемлекет болуына мүмкіндік бермеді. Дегенмен сырттан келетін жауларға тойтарыс беріліп отырды.

Сонымен, бұл мыңжылдықтың бізге қалдырған айтарлықтай мұрасы - түркі тілінде жазылған "Күлтегін", "Тоныкөк"; Талас жәдігерлері. Бұл жазулардан аты белгілі Бұмын, Истеми, Білге сияқты т.б. елі-жері үшін жан аямай күрес жүргізген қағандар.

Әсіресе осы мыңжылдықтың аяғында Әл-Фарабидің дүниеге келіп, шығыстың жарық жұлдызы аталып, әлемге танылуы бабалар дәуірінің тот баспас алтын діңгегі іспетті.

5. Біздің заманымыздың II-мыңжылдығы

Тарих толқынына зер салсақ, б.з. мыңжылдығына қарағанда, бұл дәуірде қоғамның дамуы әрі қарқынды, әрі күрделі болған. Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік шығыс аймағында Қараханид мемлекеті екі жүз жылға жуық өмір сүрген. Қалалық ғұмыр өркендеп, Сайрам, Тараз, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ сияқты атақты қалалар бой түзейді, отырықшылық дами түседі. Қалалар арасында қарым-қатынас өсіп, Ұлы жібек жолымен байланыс жақсарып, сауда күшейеді. Суармалы жер шаруашылығы дамиды. Қолөнер жанданады. Архитектуралық құрылыс жүйесі жанданып, атақты Айша-бибі, Бабажан, Қарахан, Қожа Ахмет Яссауи сияқты т.б. сәулет өнерінің ғимараттары дүниеге келген.

Бұл мыңжылдықтың алғашқы кезінен А.Яссауи мен М.Қашқари, С,Бақырғани, Ж.Игүнеки, Ж.Қарши, Отырар қаласында туған оннан астам Фарабилер сияқты тұлғаларымыз өздерінің еңбектерін бізге өшпес рухани мұра ретінде қалдырған. Біз олармен енді ғана таныса бастадық. Олардың қалдырған даналық ой-түйіндері бүгінгі біздің ұрпағымыздың таусылмас рухани байлықтары болып табылады.

Қараханидтер кезіндегі жалпы даму өзінің шырқау шегіне жете алмады. Оған басты себеп - біріншіден, қарақытайлар шапқыншылығы болса, екіншіден Монғол шапқыншылығы бұл дамуды біржолата күл талқан еткен еді. Отырар, Сығанақ, Баршынкент сияқты қарсылық көрсеткен қалалар мүлде қирады, халқы қырғынға ұшырады. Жаңадан халық болып қалыптасып келе жатқан этникалық процестер ыдырап, ру-тайпалардың көші-қоны қайта басталды. Сөйтіп, екінші мыңжылдықтың алғашқы жартысы жақсы басталғанымен, жойқын шапқыншылыққа тап болып, тоқырауға ұшырады.

Алайда қандай шапқыншылық болғанымен адамзат баласының өмір тіршілігінің арқауын мүлде үзе алмайтындығы дәлелденді. Жеріміз шапқыншылықтың ауыр жарасынан қайта көтеріле бастады. Жергілікті ру-тайпалардың өсіп-дамуы басқыншылардың өзін түркілендіріп жібереді.

XIY ғ. ішінде Шығыс тұқымының атымен құрылған Алтын, Ақ, Көк Ордалар, Моғол, Әбілхайыр хандықтары сияқты мемлекеттер құрылғанымен олардың халқы жергілікті этникалық құрамда дами бастайды. Бұл дамудың шырқау шегі XY ғ. орта кезінде Жәнібек пен Керей бастаған қазақ хандығының шаңырақ көтеріп, қазақ халқының этникалық құрылуы аяқталады.

Міне содан бері 500 жыл болды, қазақ елі, қазақ жері деген атқа ие болып, өмір кешіп келе жатқан жайымыз бар. Бұл мезгілдің ішінде де қазақ халқы өзінің басынан талай шытырман тарихи уақиғаларды өткізді.

НАУРЫЗ-АЙТЫС 7

Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, "Қасырлар тоғысында" деген тақырып аясында Республикалық ақындар айтысы болып өтті (Алматы қаласы, Республика сарайы. Наурыздың 11-12 жұлдызында, сағ.15.00).

Екі күндік жыр додасында ең үздік айтыстардың бірі, ысылған ақын Әбілқайыр Сыздықов пен жас пері, университетіміздің студенті талант Арғынғалидың қақтығысы болды. Осы екі жұптың сөз сайысын мазмұндық үйлесімін сақтай отырып, газетіміздің мүмкіндігіне сай, сәл ықшамдап назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Әбілқайыр Сыздықов (Қызылорда)
Талант Арғынғали (Алматы)

Талант:
Бабалар бақуат қыл бес тәнімді,
Ұмытпан сендер берер еш тәлімді
Аман ба, Алматының асыл халқы,
Байрақты, барыс мінез, асқақ үнді.
Армысың, Әбілқайыр - арқалы ақын,
Алайын жаудан мінез, достан үлгі,
Бұл айтыс мирас болған кешегіден,
Отырма құмға сызып жоспарыңды.
Кетіп тұр бүгін, аға, ойдан да алаң,
Шегінбей шайқассам деп майданда аман.
Өзіңді текті ақын деп естіп едім,
Ордасын талайлардың ойрандаған.
Тұлақтай табанымда таптап кетем,
Тарпаң мінез танытсаң тайрандаған.
Ақынның ойлы орамға бөлеп тілін,
Таппай тұр шабыт шыдам, жүрек тыным.
Патшамызда айтысты сынады деп,
Ақындар аз айтады дерек бүгін.
Тоқаевтан Жүрсінге дейін сына,
Қалдырма нысананнан елеп бірін
Күшін күнде танытпас палуандар,
Түсіндің бе нені айтпау керектігін?!

Әбілқайыр:
Ай, Талант, сен де шешен, дүр екенсің,
Әрине, білгеніңді жыр етерсің.
Жыбырлаған жыныңды қағып алар,
Әбілқайырға кезікпей жүр екенсің.
Әуелі сен аға деп күлімдейсің,
Отты жырмен жүректі тілімдейсің.
Тоқаевтан бастап сынап айт дейсің де,
Тоқаевты айтсаң неге діріл дейсің?
Заман қиын болып тұр күлгенменен,
Амал қанша, барлығын білгенменен.
Түлпарда отырғандай бола алмайсың,
Астыңа алтын есек мінгенменен.
Айтыс жасап жатқан ел, армысындар,
Қыл көпірдің үстінде жүргенменен.
Алланың нұры жауып талабыма,
Ағайын қолдау берсең қадамыма.
Сырдың сұлу елінен мен де келдім,
Сиынып Нартайым мен Манабыма.
Талант, талантыңды көрсетші енді,
Тікен кіріп кетсе де табаныңа.
Бас дегенге басыма шығып кетпе,
Мен жайлы сөз бар шығар хабарыңда.
Әйтпесе, тоқтай алмай қап жүрермін,
Шегініп бара жатсаң, маған ымда.

Талант:
Сенбісің айтысымның ақтаңгері,
Ақтаңгердің ашылар баптан демі.
Берекем мекенінің баласысың,
Таймаған бастан бағы, тақтан бегі.
Жазылып бауыры да келген екен,
Қазылып қалатындай шапқан жері.
Жүлқынып барасың ғой ағатайым,
Аударып кететіндей аттан мені.
Табылды тарлан боз бен мұнда ақтабан,
Сәби жыр бесігінде күндақтаған.
Қайрақтан қорлық көрген пышақтайсың,
Дегенмен, өнерің бар бұлдатпаған
Мініп-түсіп жүргенде майын еріп,
Қайыстай боп қалыпсың күн қақтаған.

Әбілқайыр:
Айтқан сайын бұл ақын сіңірленер,
Кез-келген ақын менен діріл етер.
Талант ақын, сен білер бір нәрсе бар,
Қыңыр келер ақындар, шымыр келер.
Студенттің тағдыры қолда тұрад,
Біреулер кетіп жатады жолда құлап.
Бірақ, сен аш адамға ұқсамайсың,
Баяғы байлар мінген жорға құсап.
Бет-аузың жылтырап сен секілді,
Елді алдап семіреді молдасымақ.

Талант:
Көңілдің көгерсе деп көсегесі,
Ақынның шығады екен бес елі есі
Құр айқайлау әкімнің жұмысы ғой,
Жыр айта алу ақынның мәселесі
Бәйгеде Көкмойнақтай көсілесің,
Іннінің де мерейін өсіресің.
Толықтығым жырыңа мысал болды,
Оған да көңілімнің хошы келсін.
Жаратқанның бергені, әйтпесе, аға,
Ешкімнің жеп жүргем жоқ несібесін...

Тамсанып наурыз көже таттық дәмін,
Халықтың тартып күйін, айтып әнін.

БАСПАМЫЗДЫҢ БАЗАРЛЫҒЫ

Плодотворное сотрудничество

КазГУ имени аль-Фараби уже несколько лет активно сотрудничает с Международным Фондом "ЕВРАЗИЯ". Многочисленные научные разработки, исследования, учебные издания финансируются этим фондом, что позволяет КазГУ при недостатке бюджетного финансирования обеспечивать ВУЗы Казахстана необходимой научной, учебной и методической литературой.

Очередной итог совместной работы КазГУ и Фонда "ЕВРАЗИЯ" – учебное пособие для студентов экономических факультетов высших учебных заведений Республики Казахстан "Методы научных исследований в экономике". Фонд "ЕВРАЗИЯ" для подержания этого проекта привлек средства, предоставленные Агенством по Международному Развитию Соединенных Штатов Америки (AID). Презентация проекта состоялась 21 марта в читальном зале экономической литературы Института Экономики и Права КазГУ.

Коллектив авторов пособия в составе К.Н.Нарібаева, Е.Б.Жатканбаева, К.С.Мухтаровой представил вниманию заинтересованных читателей наиболее современные и часто применяемые научные методы исследования экономических явлений, а также области их применения. Издание иллюстрировано конкретными примерами, отображающими разновидности методов исследования в различных отраслях знаний: в области экономического анализа, математики и статистики. Особенно ценным в данном учебном пособии является возможность применения описанных методов в практической деятельности, что, безусловно, найдет позитивный отклик и у студентов, и у научных работников.

Две тысячи экземпляров учебного пособия "Методы научных исследований в экономике" будут безвозмездно разосланы по ВУЗам Казахстана.

Экономикалық теория

Оқу құралы /Я.А.Әубәкіров, Б.Б.Байжұмаев, Ф.Н.Жақыпова, Т.П.Табеев. -Алматы: Қазақ университеті, 1999. -280 б.

Ұсынылып отырған оқу құралы "Экономикалық теория" пәні бойынша қазақ тілінде алғаш жазылып отырған еңбектердің бірі.

Бұл еңбек жаңа талапқа сай, әлемдік экономикалық ілімнің соңғы жетістіктеріне сәйкес дайындалды. Студенттердің білім деңгейін тексеруге арналған тест сұрақтары да берілген.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында "Экономикалық теория" пәнін оқитын студенттерге арналған.

Студенттер сарайы шақырады

Студенттер Сарайы жастардың жиі жиналатын, көңіл көтеріп, ән-жырмен сусындап қайтатын дүбірлі орыны. Университетіміздегі бойында дарыны бар өнерлі студенттер осы сарайдың сахнасында танылып келеді. Тек студенттер ғана емес, танымал өнер жұлдыздары да біздің сарайда әуелете ән шырқап жүр. Төмендегі сұхбат Студенттер Сарайының жай-күйі, ондағы атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде.

- Ораз Дамылдаұлы, ең алдымен Студенттер Сарайы жайлы қысқаша мәлімет беріп өткеніңіз жөн болар...

- Студенттер Сарайы 1998 жылдың 5-қаңтарында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ашылды. 1640 орынды Сарайдың көптеген жабдықтары, түрлі дауыс және жарық аппараттары Италияның "FBT" фирмасынан алынған. Ашылған күннен бастап-ақ Сарайдың тынымсыз істері басталып та кетті. Студенттер ұйымдастырған түрлі мәдени шаралар, көптеген концерттер, түрлі семинарлар тоқтаусыз өтіп тұрады. Өткен жылы ҚазМУ-дің студенттер қабылдау комиссиясы да осы сарайда жұмыс істеді.

- Студенттер Сарайы тек ҚазМУ-ге қана қарасты ма?

- Иә. Студенттер Сарайы университет иелігінде. Бірақ бұл тек ҚазМУ-ге ғана қызмет істейді деген сөз емес. Сарай барша қазақстандықтардың мәдени ошағына айналуы тиіс. Осы себептен біз өнер өкілдерінің халық алдында өнерін көрсетуі, ықыласқа бөленуі үшін жағдай жасаймыз. Әрине, Сарайды жалға береміз. Бұл нарық, заман талабы.

- Жалға беру күні қанша?

- Әр түрлі. Мәселен, семинар немесе білім сайыстарының күні концерттерге қарағанда арзандау. Өйткені біз ең алдымен уақытты, бөлінетін жарық пен дауыс аппараттарын есепке аламыз. Нақты айтсақ, Сарайды жалға алу күні 30-50 мың теңге айналасында.

- Осы жерде Сарайды жалға берудан түсетін қаржы қайда жұмсалуда деген заңды сұрақ туындайды.

- 1999 жылы Студенттер Сарайын жалға берудан 3 121000 теңге пайда түсті. Оның 400 000 теңгесі Сарай қажеттілігіне жұмсалады. Оған жылу жүйесі, жарық, техникалық жабдықтар, сахна жабдықтары, қызметкерлерге төленетін жалақы, түрлі кеңсе тауарларын жатқызамыз. Бір концерттің бірнеше сағат бойы дамылсыз жанып тұратын шамдар жиі күйіп кетеді. Қала берді Сарайды жууға қажетті ұнтаққа дейін түскен пайданың бір бөлігіне алынады. Айтып отырған 400 000 теңгеден басқа қаржы университет бюджетінде.

- Оқырмандарымызға Сарайды жалға алу тәртібін айтып берсеңіз.

- Студенттер Сарайын жалға беру тәртібі түгелдей заңдастырылған. Жалға алушы біз көрсететін қызметпен толық танысады. Бұдан соң кететін шығынды, уақытты жан-жақты есептеп, төленетін қаржы сомасын белгілейміз. Арнайы келісім-шартқа отырып, тиісті қағаздарға қол қойылған соң жалға алушы Сарай кассасына ақшаны төлейді.

- Жалға беру студенттерге қатыссыз болар?

- Дұрыс айтасыз. ҚазМУ-дің студенттері үшін біздің сарай тегін. Түрлі кештер, мәдени шаралар, КВН, Қыз сыны сияқты байқаулар мен білім конкурстарын өткізіп жүрміз. Былтыр студенттеріміз 56 рет түрлі кештер өткізді. Бұдан тыс университеттің Студенттер клубы, би, драма үйірмелері, "Фараби сазы" ұлттық аспаптар оркестрі осы Сарайда жұмыс істейді.

- Бір сөзіңізде "ҚазМУ студенттеріне тегін" деп қалдыңыз. Ал басқа жоғары оқу орындарының студенттеріне жалға бересіздер ме, әлде оларға жеңілдіктер бар ма?

- Басқа жоғары оқу орындары да Сарайды жалға алады, бірақ оларға арзандау береміз. Сарайды жалға беру сол оқу орнының басшыларымен арадағы келісім бойынша жүргізіледі.

Сарайда күнде үш бірдей, кейде екі мәдени шара өткізіледі. Тоқетерін айтсам, "бүгін пәленшекең келеді" деп студенттердің өтінішін қайтарып беру бізге тән нәрсе емес. Студенттер Сарайы ең бірінші сол студенттердің өзіне қызмет етеді.

Әңгімелескен Мәншүк ШЫМЫРБАЕВА.

Студенттер сарайының сәуір айындағы репертуары

1 сәуір - Күлкі мейрамы.
2 сәуір - Семинар.
3 сәуір - Адам құқығы акциясы.
4 сәуір - Айгөлек. Балаларға арналған концерт.
6 сәуір - Әзілкештер отауы.
10 сәуір - Әзілкештер отауы.
14 сәуір - Қазақконцерт бірлестігінің концерті.
15 сәуір - Ғылым фестивалі.
17 сәуір - Әзілкештер отауы.
20-21-22 сәуір - Жас балет театрының концерті.
23 сәуір - Түрік қауымдастығының бірлескен концерті.

Биология факультетінің цитология және гистология кафедрасының ұжымы доцент **Сапаров Қуандық Абенұлына** анасы Айсұлудың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінің ұжымы мерзімді баспасөз кафедрасының аға оқытушысы **Дәмегүл Баялиеваға** анасы Сейітжамал Ахметқызының қайтыс болуына байланыс-ты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

1 СӘУІР - КҮЛКІ КҮНІ

"Ғылым таппай мақтанба" деп кім жазды?

Профессор ананы сұрайды, мынаны сұрайды, ақыры болмаған соң:

- Әй, Мырқымбай, "Ғылым таппай мақтанба" деп кім жазды, а?, - депті ашулы үнмен.

Студент сел ете қалып:

- Мен жазған жоқпын, ағай, - дейді.

Профессор үйіне ашулы оралады.

- Отағасы, ашулысыз ғой, - дейді бәйбішесі.

- Өй, бір Мырқымбайдан "Ғылым таппай мақтанба деп кім жазды" десем, "Мен жазған жоқпын" деп қарап тұр.

- Е, бейшара, жазбаса жазбаған шығар, қолы тимеген шығар, - деп басу айтады бәйбішесі.

Профессор ашуланып сыртқа шығады. Көрші офицер:

- Қабағыңыз шытыңқы ғой, профессор мырза, - депті.

Профессор болған жайды баяндайды. Офицер әлгі студенттің аты-жөнін, барлық мәліметін алып, үйіне көтеріледі.

Түн ортасы ауа бере профессор шырылдаған телефонды көтереді. Әлгі милиция офицері екен:

- Профессор мырза, алаңсыз үйықтай беріңіз, атаңа нәлеттің баласы басында тән алмай қойып еді, ақыры мойындады. Оказывается, "Ғылым таппай мақтанба" деп жазған сол екен.

"Аманды қайдан табамын?"

Қыздың жігіт бөлмесіне амалсыз қонып қалуына тура келеді. Жігіт төсегінен орын беріп, өзі жерге жатады. Түннің бір уағында қыз:

- Мүздадым,- дейді.

Жігіт жамылғысын алып жабады. Тағы біраз уақыт өтеді. Қыз:

- Тоңдым,- дейді.

Жігіт астындағы төсенішін алып жабады. Біршама уақыт өтеді. Қыз бір аунап:

- Бөлмелерің суық екен, - дейді. Жігіт:

- Бар көрпені саған жаптым, енді не істеймін?,- дейді. Қыз:

- Мүндайда апам қасына алып, құшақтап жатушы еді, - дейді. Сонда жігіт басын жұлып алып:

- Таң ататын уақыт болды, саған аманды қайдан табамын, - депті.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.
Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор - **Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;**
Бас редактордың орынбасары - **Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,**
Жауапты хатшы - **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,**
Теруші-көркемдеуші - **Айтгүл БАБАСОВА;**
Фототілші - **Арман СӘРСЕНБИЕВ.**
Нөмірдің кезекші редакторы - **Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА.**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ - *проректор;*
Е.ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - *декан;*
Н.ОМАШҰЛЫ - *декан;*
В.М.БОЛДЫРЕВ - *декан;*
Б.ЖАҚЫП - *кафедра меңгерушісі;*
Д.АБАЕВ - *студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы.*

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10- қабат, 1008 бөлме.
Тел.: 1194.
Нөмір "Полиграфсервис" баспасында (Жандосов көшесі-55)
31.03.2000 күні басылып шықты. Бағасы келісім бойынша.
Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989. № 100 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

НАУРЫЗ-МӘЗІР

Рецепты праздничных блюд Наурыза

Наурыз-коже
(из 7 компонентов)

3 литра воды, половина столовой ложки соли, 1 кг мяса - можно баранину или говядину, 300 граммов пшеницы, 300 грамов риса, 300 грамов пшена, 1 литр кефира, лучше айрана.

Мясо отваривается, нарезается мелкими кусочками и снова опускается в бульон, туда же опускается перебранные и отмытые злаковые, все это варится в течение 30 минут. Затем суп остужается и в уже теплый наурыз-коже выливается кефир (как вы убедились, в компоненты входят вода и соль).

Наурыз-коже подается к дастархану прохладным.

Шелпеки - лепешки Наурыза

1 кг муки, 0,5 литра айрана или кефира, 2 яица, 1 столовая ложка соли, половина ложки (чайной) сахара.

Это блюдо олицетворяет собой тепло и солнце. Так как лепешки имеют идеальную круглую форму. Они могут быть как пресными так и из дрожжевого теста. Данный рецепт - пресных шелпеков. Считается, что на запах жаренных шелпеков слетаются духи предков, которые поддерживают живых потомков, помогают им в их делах. Число шелпеков должно быть нечетным - 7, 9, 17, 21 или 41. Четное число шелпеков готовят, когда в доме покойник.

Тесто замешивают в айране или кефире, в котором растворены соль и сахар, при замешивании в тесто разбивают яйца.

Тщательно замещанное тесто отстаивают в течение 15 минут затем раскатывают на тонкие, круглые лепешки - шелпеки, которые затем зажаривают в растительном масле, который заранее разогревают на сковороде (около 300 граммов растительного масла. Шелпеки подают к столу со сливочным маслом или сметаной.

Балкаймак

Это очень оригинальное, чисто казахское национальное блюдо. Для его приготовления берется сметана, которую уваривают в чугунной посуде, желательно глубокой, типа казана или гусятницы. Огонь медленный - еле-еле мерцающий. В течение получаса уваренная сметана приобретает золотистый цвет и оригинальную консистенцию. Вкус у блюда необыкновенный, подается к столу с шелпеками или лепешками тандыр-нан.

Некоторые хозяйки при уваривании добавляют в сметану мед (на литр сметаны 2 столовых ложек меда).

Рецепты казахских блюд от Жамал-апы.